

БЕКІТЕМІН:

«Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«Ер Тарғын» бөбекжай-бақшасы» КМҚК
меңгерушісі В.Шамшиев К.Шамшиева
« 03 » Қыркүйек 2026 жыл

**"Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша
білім бөлімінің «Ер Тарғын» бөбекжай-бақшасы» КМҚК 2026-2027 оқу
жылына арналған консультациялық пункт жұмысының жоспары**

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балабақшаға қамтылмаған (үйден тәрбиеленетін) балалардың отбасыларына жүйелі психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай интеллектуалдық, әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық дамуын қамтамасыз ету және мектепке заңды әрі сәтті даярлау.

Міндеттері:

1. Балабақшаға қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарына жан-жақты кәсіби қолдау көрсету.
2. Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық мәдениетін, сауаттылығын арттыру, үйде бала дамуына дұрыс жағдай жасауды үйрету.
3. Балалардың даму деңгейін (тілін, зейінін, моторикасын) ерте анықтап, ауытқулар мен қиындықтардың алдын алу, қажет болса инклюзивті қолдау көрсету.
4. Мектепалды жасындағы балалардың мектепке баруға психологиялық, физикалық және интеллектуалдық дайындығын пысықтау.
5. Өртүрлі диагностикалық әдістер арқылы ата-аналарға баланың жеке даму ерекшеліктері бойынша нақты кеңестер мен нұсқаулықтар беру.

Айлар	Кенес беру тақырыбы мен мазмұны	Бағытталған жас ерекшелігі (қамтылмаған балалар)	Жауапты мамандар мен педагогтар	Жұмыс түрі мен өткізілу формасы
Қыркүйек	«Кенес беру пунктiне қош келдіңіз!»: қамтылмаған балалардың ата-аналарын тіркеу және алғашқы диагностика.	Барлық жастағы (2–6 жас) қамтылмаған балалардың ата-аналары	Әдіскер Ибраева А., педагогтер, медбике Бекниязова М.	Танысу кеңесі, ата-аналармен сауалнама жүргізу
	«Балабақша ма, әлде үй ме?»: отбасылық	Барлық жастағы (2–6 жас)	Тәрбиеші, әдіскер Ибраева А.	Буклеттер үлестіру

Айлар	Кеңес беру тақырыбы мен мазмұны	Бағытталған жас ерекшелігі (қамтылмаған балалар)	Жауапты мамандар мен педагогтар	Жұмыс түрі мен өткізілу формасы
	тәрбиенің маңызы.	қамтылмаған балалардың ата-аналары		
Қазан	«Үй жағдайында балаңыздың тілін дамыту»: сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын ойындар мен логоритмикалық жаттығулар.	Ортаңғы топ жасындағы балалардың ата-аналары	Мектепалды және ересек топ тәрбиешілері, музыка жетекшісі Бактыбаева М.	Практикалық семинар, үйде орындалатын ойындар мен жаттығулар жинағы
	«Сөйлеу — ойлаудың айнасы»: тіл кешеуілдеуінің алдын алуға арналған тілдік ойындар мен жаттығулар.	Кіші және Ортаңғы топ жасындағы балалардың ата-аналары	Логопед	Жеке кеңес беру, жаттығулар парақшасы
Қараша	«Ұсақ моторика — ойлау негізі»: қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту тәсілдері (жармалар, түймелер арқылы).	Кіші және Ортаңғы топ жасындағы балалардың ата-аналары	Ортаңғы топ тәрбиешілері	Шеберлік-класс, дидактикалық көрме
	«Балаң не үшін тұйықталады?»: мінез-құлықтағы шыдамсыздық пен тұйықтылықтың алдын алу жолдары.	Барлық жас ерекшеліктегі балалардың ата-аналары	Ортаңғы топ тәрбиешісі, педагог-психолог Қарақұлова А.	Жеке кеңес беру
Желтоқсан	«Баланың еркелігі мен қырсықтығы»: жас ерекшелігіне тән дағдарыстармен күресу жолдары.	Барлық жас ерекшеліктегі балалардың ата-аналары	Тәрбиешілер, педагог-психолог Қарақұлова А.	Психологиялық тренинг, жеке кеңес беру

Айлар	Кеңес беру тақырыбы мен мазмұны	Бағытталған жас ерекшелігі (қамтылмаған балалар)	Жауапты мамандар мен педагогтар	Жұмыс түрі мен өткізілу формасы
	«Жаңа жыл қарсаңында отбасылық жылу»: мерекелік дайындық және балаға қолайлы психологиялық орта құру.	Барлық жастағы қамтылмаған балалардың ата-аналары	Әдіскер Ибраева А., музыка жетекшісі Бактыбаева М.	Шығармашылық шеберлік-класс, кеңестер парақшасы
Қаңтар	• Үйде отырған балалардың (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды) мінез-құлықтағы дағдарыстары және оны жеңу жолдары. • Ерекше қолдауды қажет ететін балаларға жеке көмек.	Кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды жастағы барлық балалар	Педагог-ассистент Жарилкасинова А.	Консультация, сұрақ-жауап сағаты
	«Үйдегі мектеп»: балаңыздың логикалық ойлауын, зейінін және есте сақтауын дамытатын қарапайым математикалық ойындар.	Ересек және Мектепалды топ жасындағы балалардың ата-аналары	Мектепалды топ тәрбиешілері, әдіскер Ибраева А.	Ашық есік күні, үйде дайындауға болатын дидактикалық материалдар көрмесі
Ақпан	• «Дені сау бала — ұлы болашағың»: үй жағдайындағы күн тәртібі және шынықтыру жаттығулары. • Жалпақтабандылық пен омыртқа қисаюының алдын	Барлық жастағы қамтылмаған балалардың ата-аналары	Дене шынықтыру нұсқаушысы Тулегенов Р., медбике Бекниязова М.	Спорттық-практикалық кеңес, викторина, жаттығулар парақшасы

Айлар	Кеңес беру тақырыбы мен мазмұны	Бағытталған жас ерекшелігі (қамтылмаған балалар)	Жауапты мамандар мен педагогтар	Жұмыс түрі мен өткізілу формасы
	алу.			
	«Дұрыс тамақтану — денсаулық кепілі»: баланың дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыру бойынша кеңес.	Барлық жастағы қамтылмаған балалардың ата-аналары	Медбике Бекниязова М., әдіскер Ибраева А.	Ата-аналарға арналған кеңес, ұсыныстар парақшасы
Наурыз	«Ертегі терапиясы және театрландырылған ойындар»: үйде баланың шығармашылық қиялын ояту және эмоцияны басқаруды үйрету.	Ортаңғы және Ересек топ жасындағы балалардың ата-аналары	Музыка жетекшісі, Бактыбаева М. ересек топ тәрбиешілері	Сахналық көрсетілім, ертегі-ойындар бойынша бағыт беру
	«Балам неге ашуланады?»: балалардың эмоционалдық жай-күйін түсіну және қолдау көрсету жолдары.	Барлық жас ерекшеліктегі балалардың ата-аналары	Ересек топ тәрбиешісі, педагог-психолог Қарақұлова А.	Жеке және топтық кеңес беру
Сәуір	«Баланы мектепке қалай дайындаймыз?»: үйде отырған баланың мектепке психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейін тексеру (диагностика).	Мектепалды топ жасындағы балалардың ата-аналары	Педагог-психолог Қарақұлова А., әдіскер Ибраева А.	Конференция, тест бойынша баланы тексеру, кеңес беру
	«Мектеп табалдырығында»: мектепалды топ балаларының	Мектепалды топ жасындағы балалардың ата-аналары	Мектепалды топ тәрбиешілері, дене	Түзету-дамыту сабағы, жаттығулар жинағы

Айлар	Кеңес беру тақырыбы мен мазмұны	Бағытталған жас ерекшелігі (қамтылмаған балалар)	Жауапты мамандар мен педагогтар	Жұмыс түрі мен өткізілу формасы
	дайындық деңгейін жетілдіруге арналған жаттығулар жинағы.		шынықтыру нұсқаушысы Төлегенов Р.	
Мамыр	«Жазғы кезеңде балаңыздың қауіпсіздігі»: жазғы уақытта баланың денсаулығын нығайту және демалысын ұйымдастыру. - Кеңістіктік қорғаныс.	Барлық жастағы қамтылмаған балалардың ата-аналары	Дене шынықтыру нұсқаушысы Төлегенов Р., медбике Бекниязова М.	Сұрақ-жауап панорамасы, жазғы ұсыныстар мен тапсырмалар үлестіру
	Оқу жылының қорытындысы: балалардың даму динамикасын талдау және кеңес беру пунктін жұмысына жалпы қорытынды жасау.	Барлық жастағы қамтылмаған балалардың ата-аналары	Педагог-психолог Қарақұлова А., әдіскер Ибраева А.	Қорытынды есеп, ата-аналар жиналысы